



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Толықтырушы деректер дегеніміз
не?





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі
Дәріс: Толықтырушы деректер дегеніміз не?

Толықтырушы деректер дегеніміз сіздің зерттеумен айналысқанға дейін онсыз да бар болған бірақ зерттеуіңізбен белгілі бір мәселелер жағынан сізге пайдалы болуы мүмкін деректерді айтамыз. Ол деректердің жазылуы, пайда болуы, жалпы тарихы сіздің зерттеу сұрағыңыздың мақсатынан мүлдем бөлек болуы мүмкін. Бірақ олардың арасынан өзіңізге керегін сүзгілеп алу сіздің басты міндетіңіз.

Әрине, біз толықтырушы дерек деген кезде бірінші кезекте интернет туралы сөз қозғаймыз. Қазір ғылыммен айналысатын адам үшін немесе қандай да бір ақпаратты іздеп тапқысы келетін адам үшін ең қолайлы заман шығар. Өйткені өзіңізге қажет деректі кез келген жерде жай қалта телефоныңызды қосып қана таба аласыз. Тек интернетке қолыңыз жетсе болғаны. Қазір тіпті кітапханаға барғанда каталогтарды ақтарып жатпасаңыз болады. Кітапханада да деректерді іздеу үшін электронды каталогтар базасына кіресіз де өзіңізге қажет кітаптарды таба аласыз. Бұл түсінген адам үшін бір ғажап нәрсе. Өйткені бұрынғыдай сағаттап отырып, қағаз каталогтардың бәрін оқып отырудың қажеті жоқ. Бірақ сөздің шыны керек, уақыттың өтуімен интернет кітапхананың орнын басып келе жатыр. Интернеттің әлеуеті де, сізге ұсынатын мүмкіндіктері де кітапханадан қарағанда кеңейіп бара жатқаны өтірік емес. Сондықтан да толықтырушы деректерді кітапханадан қарағанда интернеттен іздейтініңіз түсінікті. Дегенмен, әдеттегідей бір нәрсенің жақсы жағы болады, және қиындық тудыратын жағы қатар жүреді. Интернет барша адамзатқа қолжетімді болғандықтан, оған ақпараттарды жүктеу әлдеқайда жеңіл болғандықтан, ол жерге жүктелетін ақпараттардың саны шексіз көп. Және олардың бәрі де сапалы, сенім тудыруға қабілетті бола бермейді. Зерттеуші ретінде сіздің мақсатыңыз сол үлкен мұхит сияқты деректер әлемінен өзіңізге керегін және сенім ұялата алатынын сүзгілей алу. Олай болмаған жағдайда сіздің зерттеуіңізден сенім тудыру қабілеті төмендеуі мүмкін екенін естен шығармаңыз. Интернеттің тағы бір артықшылығы – сіз интернеттен тек сөзбен жазылған құжаттарды ғана емес, сондай-ақ фильмдерді, суреттерді, өнер туындыларын, влогтарды т.с.с. өзге де медиафайлдарды таба аласыз. Сонымен қатар күнделікті жаңалықтардан, зерттеу тақырыбыңызға қатысты соңғы ақпараттардан уақтылы хабардар бола аласыз. Интернеттің аясы кеңеюінің арқасында қазір газет-журналдарға деген сұраныстар да азая түсті. Батыстық нью йорк таймс сияқты алпауыт газет журналдар толығымен электронды форматқа өтіп алған. Интернеттің көмегімен сіз осыдан бірнеше жыл бұрын болған жайттарды уақытты қайта қайтарғандай етіп көре аласыз. Сондай-ақ интернеттегі ақпараттар сіздің уақытыңыз бен қаражатыңызды да үнемдейді. Яғни түптеп келгенде, қолда бар деректермен жұмыс істеудің зерттеушіге берері мол.

Толықтырушы деректермен жұмыс істеудің артықшылықтары мен қиындықтары

Артықшылықтары

- Қолданыстағы деректер адамдардың шын мәнінде не істегендерін зерттеуге;
- Вербаль және бейвербаль деректермен бірге, егжей-тегжейлі сапалық деректер мен стандартталған сандық деректерді жинауға;
- Зерттеуге қатысушыларға физикалық тұрғыдан қол жеткізу қажеттігін азайта отырып, зерттеушілер мен зерттеуге қатысқандардың күйзеліске түспеуіне және шығындарын азайтуына мүмкіндік береді.

Қиындықтары

Толықтырушы деректермен жұмыс істеудің өзіндік қиындықтары бар. Қолданыстағы деректерге сенімді болу үшін, оларды мұқият тексеру керек. Жеке веб-сайттар, блогтар көп екенін ескере отырып, сіздің мақсатыңыз көп ақпарат табу емес, шынайы ақпаратты іздеу екенін естен шығармаңыз. Сіз тапқан ақпарат қаншалықты өз күшін жоймаған, оның қолдану ауқымдылығы әлі де сақталған ба, тапқан ақпаратыңыз тым ескі емес пе деген сұрақтарды қоя отырып, іздеу жүргізгеніңіз абзал.

Онлайн іздеу жасағанда мына сұрақтарды қойыңыз:

- Куәландырушы ақпараттар: Автордың күзіреті қандай? Автордың сипаттамалары немесе оны куәландырушы ақпараттар қандай?
- Түргі/ниет: Мүшелік пен демеушілік. Қай ұйыммен байланысы бар? Сол ұйыммен байланысты байланыс нөмірі немесе электрондық адресі бар ма? Ұйыммен байланысы болуы оның мазмұнын мақұлдағанды білдірмейді.
- Мойындалған бедел: Автордың ғылыми немесе кәсіби басылымдарда жарияланымдары бар ма? Бұл жарияланымдар басқа сарапшылардың рецензиясынан өтеді, яғни бұл жарияланымдардың қателіктері табылып, ғалымдардың қатаң сынына ұшырағанын білдіреді.



- Объективтілік: Сынаржақ пікірлер бар ма? Олар бір өнімді таныстыра ма?
- Жарамдылық: Автор көрсетілген сілтемелердің толық тізімін ұсына ма? Солай болса, олар кімге сілтеме жасайды және олар өз салаларының сарапшылары ма?
- Қолданымдылық: Веб ақпарат жаңа ма? Байланыстар бар ма немесе жұмыс істей ме? Веб-дизайнының нашар болуы, сайттың көптен бері қараусыз қалғанын және ұсынылған ақпараттың жаңа ма жоқ па екенін анықтау қиын болуы мүмкін.

Қолжетімді барлық деректердің сенімділігін бағалау үшін сізге стратегиялар қажет: (1) деректерді триангуляциялау – бір ғана қайнаркөзге сүйенбеңіз; (2) рецензияланған/сарапшы талдауларын іздеу; (3) деректерді тексеруден өткізу (ақпарат ұсынған адам, сайт және ұйым қаншалықты сенімді?); (4) ақпаратқа ұсынылған сілтемелерді барлау (ақпараттарын негіздеген бе немесе олар түпнұсқа болса әдістерін көрсеткен бе?).

Деректердің сенімділігін тексеру үшін олардың доменіне де мән беріңіз. Мысалы: “.com.net” домендері кең тараған болғанымен, олардың сенімділігі өте төмен болуы мүмкін. “.org” домені де солай. “.org” домені көбіне қандай да бір ұйымдармен байланысты ақпараттарды жариялап отыру үшін құрылған сайттарда болады. Ал “.gov” доменінде жарияланған ақпараттардың сенімділік деңгейі әдетте аса жоғары болады. Өйткені бұл мемлекеттік ұйымдардың ресми сайттарына берілетін домендер. Әсіресе, сізге соңғы статистиканы, ресми құжаттарды, заңдарды, бұйықтарды келтіру керек болғанда “.gov” доменінде келтірілген ақпараттар сізге аса пайдалы болуы мүмкін.

Интернетте іздеу жасаған кезде тек өзіңізге керек сұрау сөздерін гуглге салып қарай салу сізді адастыруы мүмкін. Өйткені біз әдетте бастапқы беттерде келтірілген сілтемелерді ғана қарайтынымыз түсінікті. Ал бастапқы беттерде сіздің жұмысыңызға аса маңызды емесе сілтемелер келтірілуі мүмкін. Сондықтан гуглде зерттеуді жеңілдететін бірнеше тәсілдерді меңгеріп алғаныңыз дұрыс. Мысалы,

- синонимдерді қамтитын нәтижелерді шығару үшін іздеу сөзіңіздің алдына тильда сызықшасын (~) қойыңыз.
- Екі терминнің бірін іздеу үшін «немесе» терминін қолданыңыз.
- Нәтижелеріңізде қандай терминдерді қаламайтыныңызды анықтау үшін минус (–) белгісін пайдаланыңыз.
- Дәл сөзді іздеу үшін сөздің екі жағына тырнақша белгілерін («») қойыңыз.
- Жұлдызша белгісін (*) қолданыңыз – гугл мұны «бос орынды толтыру» операторы деп атайды. Мысалы, «ойын-сауық*» деп жазсаңыз, ойын-сауық беттерін және гугл іздеу жүйесі қатысты деп санаған термин(дер)ді шығарады. Жұлдызша белгісін сөздің бір бөлігі үшін қолдана алмайсыз. Мысалы, «ойын-сауық п*» деп жазу жарамсыз болады.
- Іздестіруді «сайттардан» бастаңыз – бұл іздеуді нақты сайттар немесе сайт түрлерімен (.org, .edu) шектейді.
- Іздеуді шектеу үшін файл типтерін және әріптік файлдың аббревиатурасын қосыңыз, мысалы PDF немесе PPT.
- Google apps қосымшасын қолданыңыз және жазудың орнына суретке түсіріңіз.
- Жергілікті ұсыныстарды (local offerings) алу үшін іздеудің соңына пошта индексын қосыңыз.
- Ұқсас сайттарды табу үшін «байланысты:» (related) сөзін қолданыңыз. Мысалы, Ютубта ұқсас сайттарды табу үшін «related:www.youtube.com» деп қолдануыңызға болады.

Толықтырушы деректердің түрлері

Қайталама деректердің бірнеше түрлері болуы мүмкін. Солардың біріншісі – қолданыстағы деректер

Қолданыстағы деректердің бәрін интернеттен табу мүмкін болмауы ықтимал. Өйткені олар жеке бір ұйымдарға, жергілікті үкіметке, мемлекеттік үкіметке немесе халықаралық агенттіктерге тиесілі құжаттар болуы мүмкін. Оны қолға түсіру үшін оны сұрату, кітапханаға бару, жеке өтініш жазу немесе сол салаға баруға тура келуі мүмкін. Қолданыстағы деректердің түрлері мыналар:

1. Ресми деректер және жазбалар – Қолжетімділікке қол жеткізу үшін әрекет жасап көруге тура келсе де, мыналарды қарастыруыңызға болады:

- Халықаралық деректер – Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік банк немесе Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сияқты ұйымдарда сақталады.
- Ұлттық деректер – федералдық немесе ұлттық үкіметтерде немесе үкіметтік департаменттерде сақталады, мысалы, ұлттық санақ деректері.



- Жергілікті билік деректері – қоршаған ортаның жай-күйі туралы есептемелер, қауымдастық зерттеулері, судың сапасы туралы деректер, жерді тіркеу туралы ақпарат және т.б. сияқты деректер.
- Мемлекеттік емес ұйымдардың деректері – тапсырыс бойынша немесе тәуелсіз зерттеу жұмыстары арқылы жиналған деректер.
- Университет деректері – барлық зерттеу сұрақтарын қамтитын көп мөлшердегі деректер.
- Мұрағат деректері – туу, өлім, неке және т.б. туралы деректер.
- Заңнамалар – жергілікті заңдарды қоса алғанда, заңдар, мемлекеттік және федералдық заңдар.
- Директивті құжаттары – қоғамдық және жеке секторлардан алынатын деректер.

2. Ұжымдық ақпарат, құжаттар және жазбалар – Ұжымдық ақпарат мыналарды қамтиды: веб-сайттар; баспасөз хабарламалары; каталогтар, памфлеттер, брошюралар, жиналыстың күн тәртібі мен хаттамалары; мекемелер арасы және мекемелер ішіндегі хаттар; қауіпсіздік жазбалары; сату көрсеткіштері; кадр бөлімі жазбалары; тұтынушы жазбалары (олар ұйымдастыру түріне байланысты студенттер, пациенттер, құраушылар және т.б. болуы мүмкін).

3. Жеке ақпарат, құжаттар және жазбалар – хаттар; журналдар; күнделіктер; естеліктер; мәтіндер; эскиздер мен сызбалар; поэзия және әңгімелер; фотосуреттер мен видеолар; медициналық жазбалар; білім беру жазбалары; үй жазбалары, мысалы, чек дәптері, чектер, сақтандыру құжаттарын және т.б.

4. Медиа/заманауи ойын-сауық – Мұнда деректер көбіне контент немесе бейнеге қатысты мәселелер бойынша қаралады; мысалы, жеке рекламалардың контенттері, еркек кейіпкерлердің жылап жатқанының қалай көрсетілетіні немесе соңғы екі жылда жыныстық озбырлықтың ұлттық жаңалықтардың қаншалықты жиі көрсетілуі. Деректер газет немесе журнал бағаналары/мақалалары/жарнамалары; жаңалық бағдарламалары мен ағымдағы оқиғалардың шоулары; теледидар драмалары, сатиралық және реалити шоулар; жарнама роликтері; музыка видеолары; өмірбаяндар мен автобиографиялар.

5. Өнер – Өнер ғасырлар бойынша мәдениет және уақыт бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін әлемнің әр түкпіріндегі адам рухы мен оның жай-күйін бейнелеп сақтады; картиналар, сызбалар және эскиздер; фотосурет; музыка, пьесалар және фильмдерде қоғамдық көзқарастар жақсы бейнеленеді.

6. Әлеуметтік артефактілер – Оларға әлеуметтік тіршіліктің кез келген туындысы кіреді. Әлеуметтік туындылардың мысалдары өте ауқымды. Олар мынадай заттар болуы мүмкін: сапасы төмен әдебиеттер; балалар ойындары; салт-жоралар мен ритуалдар; әзілдер; футболка ұрандары; фурнитура; колөнер; видео-бейнелер (ютуб қолжетімді деректер базасын қалыптастырды).